

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 33 (9351) | 1954 жылғы 11 февраль Бейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Сайлауға тегіс қатысайық!

**Коммунистер мен партияда жоқтардың
халықтық блогі ұсынған кандидаттарға дауыс
берейік!**

**Біздің Ұлы Отанымыз—Советтік Социалис-
тік Республикалар Одағы жасасын!**

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің

БАРЛЫҚ САЙЛАУШЫЛАРҒА, ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ, ШАРУАЛАР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРГЕ,
СОВЕТ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНА, СОВЕТ АРМИЯСЫ МЕН СОҒЫС-ТЕНІЗ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ

Ү Н Д Е У І

Жолдастар!

1954 жылы 14 мартта совет халқы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советіне депутаттар сайлайды.

Бұл даңқты оқиғаны біздің еліміз өзінің күші кемеліне келіп, экономикасы мен мәдениеті мықтап өркендеп отырған жағдайда қарсы алады.

Совет халқының аса зор табысы —соғыс кезінде неміс басқыншылары бүлдіріп кеткен өнеркәсіп орындарын, қалалар мен селоларды қалпына келтіргендік болып табылады. Жүздеген заводтар мен фабрикаларды, ондаған қалаларды, мыңдаған селоларды жау құл-талқан етіп, миллиондаған адамдар баспанасыз қалған еді. Бірнеше жыл өтпей жатып-ақ қайтадан қалпына келтірілген және ең жаңа техникамен жабдықталған өнеркәсіп орындары социалистік құрылыс орындарының қатарына жаңадан қосылды; жау өртен, бүлдіріп кеткен қалалар мен селолар қалпына келтірілді; көптеген аудандардың халқы баспана еткен жер үйлер бұзылып, олардың орнына жаңа, әсем тұрғын-үйлер салынды. Осының бәрі орасан зор күш жұмсауды, аса көп жігер салып, қаражат жұмсауды керек етті және осының арқасында істелді де! Коммунистік партия мен Совет Үкметінің болаттай берік талабы, біздің халқымыздың жанаямас, қаһармандық еңбегі барлық қиыншылықтарды жойды, совет құрылысының аса зор тұрмыстық күшін үсті-үстіне қайтадан дәлелдеді.

Совет халқы өзінің пәрменді және тоқтаусыз ілгері басқан қозғалысында оның бейбіт еңбегін бұзған соғысқа дейінгі экономикалық шектерден анағұрлым ілгері оздып кетті. СССР Жоғарғы Советінің бұдан бұрынғы сайлауы 1950 жылы —төртінші (соғыстан кейінгі бірінші) бесжылдықтың ақырғы жылында өткізілді. Бұл бесжылдықты ойдағыдай аяқтап, совет адамдары Коммунистік партияның басшылығымен, жаңа бесжылдықтың —бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын жүзеге асыру үшін күш мен еңбегін аямай жұмсауда. 1953 жылдың өзінде-ақ СССР өнеркәсіп өндірісінің көлемі соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан 2,5 есе асып түсті.

Біздің бейбіт экономикамыздың гүлденіп көркеюінің негізі, еліміздің қорғампаздығы қуатының негізі ауыр өнеркәсіп болып келді және солай бола береді. Соғыстан бұрын-ақ, бүкіл халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісін жүзеге асыра отырып және елімізді белсене қорғануға әзірлей отырып, партиямыз қуатты, алдыңғы қатарлы ауыр индустрия құрды. Соғыстан кейінгі жылдарда ауыр өнеркәсіпті өркендетуде жаңа ірі табыстарға қол жетті. 1953 жылы СССР-да 38 миллион тонна болат өндірілді—бұл 1940 жылғыдан 2 есе артық; 320 миллион тонна көмір өндірілді—бұл 1940 жылғыдан 2 есе артық; 52 миллиард тонна мұнай өндірілді—бұл 1940 жылғыдан 70 процент артық; 133 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді—бұл 1940 жылғыдан 2,8 есе артық. Біздің индустриямыздың құрамы болып табылатын советтік машина жасау өнеркәсібі өте-өте тез өсіп өркендеуде: 1953 жылы машиналар мен құрал-жабдықтар соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан 3,8 есе артық өндірілді.

Транспортты өркендетуде және құрылыс жұмысында аса үлкен табыстарға қол жетті. Біздің байтақ еліміздің жолдарымен—темір жол және теңіз жолы, өзендер мен каналдар және тас жолдар арқылы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өнімдерін тасымалдау айналымы жылдан-жылға артуда. Көзір транспорттың барлық түрлерінің қуаты техникалық базасы бар. Өнеркәсіп, ауылшаруашылық, мәдени-тұрмыс кәсіпорындары мен мекемелердің және тұрғын-үйлердің құрылысы жөніндегі жұмыстар көлемі жыл сайын ұлғая түсуде. Құрылыс ұйымдары жоғары өнім беретін машиналармен және механизмдермен жабдықталған.

былады: біз астықты неғұрлым көп өндірсек, ет те, май да, мал шаруашылығының басқа өнімдері де солғұрлым көп болады.

Біздің даңқты колхозшы шаруаларымыз, машина-трактор станциялары мен совхоз қызметкерлері социалистік ауыл шаруашылығының барлық резервтеріне қысқа мерзім ішінде іске қосу, артта қалған аудандар мен колхоздарды озаттардың дәрежесіне жеткізу үшін, барлық колхоздар тегіс гүлденіп, көрмейетіндей етіп, барлық колхозшылар кенелген, ауқатты адамдар болатындай етіп, біздің елімізде қалалардың өсіп отырған халқы үшін барлық азық-түлік өнімдері, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізаттың барлық түрлері мол жергілікті болатындай етіп, егін даласының шығымдылығын және мал шаруашылығы өнімін жалпы өркендетеді, деп Коммунистік партия берік сенеді.

Коммунистік партия барлық қоғамдық өндірісті—өнеркәсіп өндірісін де, ауыл шаруашылық өндірісін де үздіксіз өркендетуді қолдай отырып қандай мақсат көздейді? Бұл мақсат—совет халқының әл-ауқатын оған сайын үздіксіз арттыра беру, оның үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін толық қанағаттандыру мақсаты болып табылады. Осы мақсатты тынбастан жүзеге асыру—партия мен үкметтің бүкіл жұмысының ең жоғарғы заңы, коммунистік құрылыс программасының өте маңызды негізгі бір бөлімі болып табылады. Біз заводтар мен фабрикалар, электр станциялар мен жаңа темір жолдар салғанда, бұларды ұлғайтқанда, колхоздарды нығайтқанда, ауыл шаруашылығын ең жаңа, ең алдыңғы қатарлы техникамен жабдықтағанда, осының бәрине соншама көп қаражат жұмсағанда, сайын келгенде, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның—барлық совет адамдарының тұрмысы жақсы болуын, халқымыздың материалдық әл-ауқат дәрежесі мен мәдениет дәрежесі жылдан-жылға, күннен-күнге арта беруіміз көздейміз.

Еліміздің экономикасының жалпы өркендеуі негізінде еңбекшілердің табыстары үздіксіз артуда. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы үздіксіз өсуде. Бізде өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бөшке сауда бағасы жылдан жылға, үнемі арзандатылуда. Мемлекеттік бюджеттен халыққа берілетін жеңілдіктер мен төлемдер, яғни әлеуметтік хәуісіздендіру және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі жәрдемдер мен пенсиялар, көп балалы және жалғыз басты аналарға берілетін жәрдем, тегін дәрігерлік жәрдем, тегін оқыту, мамандығын арттыру және басқалары өсуде. Жұмысшылар мен қызметшілердің ақшалай және нақтылы жалақысының артуымен бірге шаруалардың да табыстары молаюда. 1953 жылы ауыл шаруашылық салығы және колхозшылардың өз меншігіндегі шаруашылығынан міндетті түрде тапсырылатын өнім нормалары кемітілді. Ауыл шаруашылық өнімінің едәуір бөлігінің дайындау және сатып алу бағалары арттырылды. Өткен жылдардағы ауыл шаруашылық салығы жөніндегі салық борыштары колхозшылардан алынбайтын болды, мемлекетке мал шаруашылығы өнімдері мен картоп тапсыру жөніндегі өткен жылдардағы бересісі де алынбайтын болды. Колхоздардың өткен жылдардағы картоп пен оғаш тапсыруы жөніндегі бересісі алынбайтын болды. Осының бәрі колхозшы шаруалардың материалдық әл-ауқатын арттыруға жағдай жасады. Колхоздар мен колхозшыларға экономикалық жарынан көмек беру жөніндегі шаралары, сол сияқты салық саясаты саласындағы шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде ғана 1953 жылы колхоздар мен колхозшылардың табысы 13 миллиард сомнан астам артты.

Сауда айналымы үздіксіз ұлғаяуда. 1953 жылы жылдық жоспарға қосымша 33 миллиард сомның товары саудаға түсті. Мемлекеттік және кооперативтік сауда бойынша ғана 1953 жылы халыққа 21 миллиард 210 мың рубль өнім берілді.

күштерінің үздіксіз және шапшаң дамуын қамтамасыз ету үшін осы міндеттерді толық пайдалану деп есептейді. Совет халқы еліміздің өндіргіш күштерін неғұрлым жоғары көтерсе, біздің өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымыз өнімді неғұрлым көп берсе, азық-түлік молшылығын жасау жөніндегі аса ұлы міндет солғұрлым тез орындалады және елімізде коммунизм жеңісі қамтамасыз етіледі.

Біздің елімізде коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатудың аса маңызды шарты бейбітшілік пен халықтардың хәуісіздігінің тірегі—Советтік Социалистік Мемлекеттің қуаттылығын талмастан күшейте беру болып табылады. Біздің мемлекетіміздің күші мен қуаттылығының негізі—жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы, бүкіл совет қоғамының моральдік-саяси бірлігі, СССР халықтарының мызғымас достығы.

Коммунистік партия жұмысшы табының еңбекші шаруалармен берік одағын шыңдады, оны Октябрь социалистік революциясының жеңісін, елімізде социализм орнатылуын қамтамасыз еткен шешуші күшке айналдырды. Осы ұлы күш коммунизм құрылысының даңқты жолында біздің жаңа табыстарға жетуімізді қамтамасыз етіп келеді. Жұмысшылар мен шаруалар одағын бұдан былай да нығайта беру еліміздің барлық еңбекшілерінің Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегінде мейлінше берік топтасуының шарты, біздің социалистік мемлекетіміздің күшін мен қуатын нығайтудың негізі болып табылады.

Коммунистік партия өзінің ұлт саясатымен еліміздің халықтары арасындағы алауыздықты және өшпенділікті жойды, оларды біртұтас, туысқан семьяға топтастырды, көп ұлтты совет мемлекетінің жеңілмес күшінің қайнар бұлағы, туысқан советтік республикалардың барлық табыстарының шарты—тең праволы халықтардың мызғымас достығын шыңдады. Бұл достық Отанымыздың халықтарының шетелдік басқыншыларға қарсы, патша самодержавиясына және капиталистер мен помещиктердің езгісіне қарсы біріккен күресте туып, нығайды. Бұл достық СССР халықтарының азамат соғысы мен ұлы Отан соғысы жылдарында төккен қанымды бекіді. Бұл достық елімізде социализм орнату жылдарында жалпы жемісті еңбекпен және өзара көмекпен берік нығайды. Бұл достық—ұлы, туысқандық достық табылмас, мызғымас берік, дүние жүзінде оны бұзатындай ешқандай күш жоқ! СССР халықтарының осы берік достығының айқын бір белгісі украин, орыс және Совет Одағының барлық халықтарының ұлттық үлкен мерекесі ретінде үстіміздегі жылы атап өтетін Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы болып табылады.

Коммунистік партия мен көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің қуаттылығы мен жеңілмейтін күшінің негізі—халықтар достығын бұдан былай да тынбастан нығайта беруді өзінің қасиетті міндеті деп біледі.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі үшін халқымыздың тілегін—бейбіт еңбекті, еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесінің үздіксіз өрлеуін қамтамасыз ету қасиетті іс. Сондықтан партия мен үкмет жаңа соғысты болдырмау үшін, халықтардың бейбіт өмір сүруі үшін, халықаралық шиеленістің бөсеңдеуі үшін және мемлекеттер арасында қалыпты дағдылар орнатылуы үшін бар күшін аямай жұмсайды.

Біздің саясатымыз айқын және дәйекті. Ол—бейбітшілік және барлық халықтар арасындағы достық саясаты. Оны екі түрлі экономикалық системаның—социалистік және капиталистік системаның ұзақ уақыт қатарлас бейбіт өмір сүру мүмкіндігін көрсетіп берген партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы ұлы Ленин жариялады. Капитализм лагеріндегі алысты болжай білмейтін саясат

дүр өнеркәсіпті өркендетуде қол жеткен табыстарымыздың тұтынып отыратын өндіріс үшін мықты өркендетуге жағдай туғызды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі 2—3 жылдың ішінде халықтың жаншай тұтынатын азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етілуін арттыру үшін жеңіл және тамақ өнеркәсіпін тездетіп өркендетудің үлкен программасын белгіледі. Бұл программа үздіксіз жүзеге асырылуға, сөйтіп, еліміздің еңбекшілері партия мен үкметтің өзгеше асырылып жатқан шараларының алғашқы нәтижелерін көзірді өзінде-ақ жүз көдерімен көрде. 1953 жылы, әресе, бұл жылдың екінші жартысында, халық тұтынатын заттар өндіруші өнеркәсіп салалары 1952 жылғыдан анағұрлым шапшаң қарқымен өркендеді. Егер 1952 жылы бұл өнеркәсіп салаларының өнімі 10,5 процент артқан болса, 1953 жылдың екінші жартысында 14 процент артты. Көзіргі уақытта неше жүздеген тоқыма және былғары-алякшым фабрикалары, ең сыяқты тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары да салына бастады. 1953 жылдың бір өзінде-ақ халық тұтынатын товарлар өндіретін 300-дей жаңа кәсіпорындар пайдалануға берілді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көзір жұмыс істейтін кәсіпорындары кеңейтіліп, жаңа құрал-жабдықпен жабықталуда.

Социалистік өнеркәсіпті онан сайын мейлінше өркендетуді өзінің алдына міндет етіп қоя отырып, партия біздің өнеркәсібіміздің бойындағы ішкі резервтері айқынды, оны пайдаланудың барлық шараларын істеуде. Бізде артта қалған, жоғары тапсырмаларды орындамайтын кәсіпорындары, тіпті тұтас бір өнеркәсіп салалары әлі де бар. Көп реттерде аса мол жаңа техниканың пайдаланылуы нашар, құрал-жабдықтың қарп тұрушылығы әлі де көп. Өнімнің сапасына әлі де болса жеткілікті көңіл бөлінбейді. Еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмаларды орындамай отырған кәсіпорындар әлі аз емес. Көптеген кәсіпорындарда өндірістік алаңдар иесіздікпен, рәсуа пайдаланылады. Бізде шаруашылық басшы қызметкерлердің ішінде ескіден, заманы өткеннен қармасып айырылмайтын, алдыңғы қатарлыны, прогресшілі өндірісте барынша қолдануды, өндіріс жаңашылдарын белсене қолдауды өзінің борышы деп есептейтін артта қалған, көртартпа адамдар әлі де болса бар. Осы кемшіліктердің бәрін жою, артта қалған кәсіпорындарды озат кәсіпорындардың дәрежесіне жеткізу—біздің өнеркәсібіміздің, толын жатқан ішкі резервтерін іске қосу, сөйтіп, оның барлық салаларының жаңадан мықтап өркендеуін қамтамасыз ету деген сөз.

Біздің даңқты жұмысымыз табы, тәжірибелі, өсіп жетілген инженер-техник кадрларымыз өнеркәсіптің, транспорт пен құрылыстың алдында тұрған жаңа зор міндеттерді орындау жолында, еңбек өнімділігін онан сайын арттыру жолында, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын арттыру жолында, біздің барлық қаражатымыз бен мүмкіншіліктерімізді мейлінше үнемдеп, орынды пайдалану жолында социалистік жарысты бұрынғыдан да төрі кеңінен өрістетеді, деп Коммунистік партия берік сенеді.

Еліміздің ауыл шаруашылығы саласында да елеулі табыстарға қол жетті, соғыс кезінде бүлінген колхоздар, машина-трактор станциялары мен совхоздар толығынан қалпына келтірілді. Егіс көлемінің және негізгі ауылшаруашылық табындарының шығымдылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне қол жеткені былай тұрсын, қайта бұдан да асып түсті. Алайда, партия ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен бұл даусыз және ірі табыстарды бетке ұстап отырмайды, еңбекшілердің үздіксіз өсіп отырған материалдық тілектерін қанағаттандыруды көздейді. Ауыл шаруашылығын онан сайын мықтап өркендетпейінше азық-түлік молшылығын толық қамтамасыз етуге, тез өсіп отырған өнеркәсібіміз бен тамақ өнеркәсібімізді шикізатпен қамтамасыз етуге болмайды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында және партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі кейінгі қарарларында социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын, ең алдымен, мал шаруашылығын және картоп пен өсімдік өндірісін шапшаңдатып өркендетудің жауынгерлік, нақтылы программасы белгіленген. Бұл программаны жүзеге асыру бүкіл партияның, бүкіл совет халқының шұғыл міндеті болып табылады. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін жарты жыл уақыт өтті, бұл оншама ұзақ мерзім емес. Осы қысқа мерзімнің өзінде-ақ көп іс істелді. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы бұрынғыдан бетер ұлғайып, нығайды. 1953 жылы ауыл шаруашылығы жалпы жұмысқа пайдаланылатын 139 мың трактор (15 аттық күші бар трактор есебімен алғанда), 18 мың отамалы трактор, 41 мың астық комбайнын, 69 мың жүк автомобилін, 2 миллионнан астам топырақ өңдеуші, тұқым себуші, егін жыйнаушы, құралдар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын, 6 миллион тонна минералды тыңайтқыштар алды. Көзір барлық істің мәнісі осы қуатты техниканы дұрыстап, шаруашылық көзбен қарап пайдалануда болып отыр. Кадрлардың шешуші маңызы бар екендігін еске ала отырып, партия машина-трактор станцияларына колхоздарды қамту үшін 100 мыңнан астам агрономдар мен зоотехниктер, үздіксіз көбейіп жетіп жатқан машина-трактор паркін дұрыс пайдалануды ұйымдастыра білетін көптеген инженерлер мен техниктер жіберді.

Алайда, партия бұл істі ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы бүкілхалықтық ұлы жұмыстың бастапқы қадамдары ғана деп біледі. Бізде МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың жұмысында кемшіліктер әлі өте көп, пайдаланылмай жатқан резервтер де көп. Мысалы, еліміздің Шығыстағы, Оңтүстік Шығыстағы аудандарында және басқа аудандарында тың жерлер мен тынайған жерлерді игеру есебінен ғана біздің дәнді дақылдар егісі көлемін бірнеше миллион гектар арттыруға мүмкіндігіміз бар екенін айтса да жеткілікті. Ал, партия мен үкмет бұл жұмысты көзірдің өзінде-ақ жүргізе бастады. Бұл істің маңызы орасан зор. Астық шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып та-

тылды. Әресе, ет, май, сыр, қант, өсімдік, жібек маталары, тігулі киім, былғары аяқкиім, мебель, тігін машиналары, сағаттар, патефондар, радиоқабылдағыштар, телевизорлар, велосипедтер, мотоциклдер, жеңіл автомобильдер сыяқты және азық пен товарлардың сатылуы өте-өте арта түсті. Көпшілік тұтынатын товарлар өндірілуін үздіксіз ұлғайта отырып, партия мен үкмет магазиндердің және басқа сауда кәсіпорындарының көбейіп, ұлғая түсуіне шаралар істеуде. Коммунистік партия совет саудасын ұйымдастыру және тұтынушыға қызмет ету ісін батыл жақсарту, өмір-үміт жылдың ішінде әрбір қалада және әрбір селолық ауданда совет адамдары өздеріне керекті товарлардың бәрін сатып алатындай жағдайға жету ісін өзінің алдына міндет етіп қойып отыр және бұл міндет сөзсіз жүзеге асырылады.

Еңбекшілерге арнап тұрғын үйлер салу Коммунистік партияның арқашан қамқорлық көрсететін ісі. Бізде тұрғын үй өзіріне жетіспей келеді. Былай болатын себебі түсінікті: қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқы, өнеркәсіптің үздіксіз өркендеуімен байланысты жылдан-жылға көбеюде. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда оккупацияға ұшыраған аудандарда жау өртеп кеткен қалаларды, жұмысшы поселкелері мен селоларды бәрінен бұрын қайтадан салу керек болды, өйткені, бұларда миллиондаған адамдар бәспанадан айрылып, жер үйлерде күн көрді. Біздің елімізде тұрғын үй құрылысы жөнінде не істелгендігін және не істеліп жатқандығын мына цифрлар айқын көрсетеді: соғыстан кейінгі жылдарда қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жұмысшылар мен қызметшілерге арналған 183 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды, ал селолық жерлерде колхозшылар мен село интеллигенциясына арналып 4 миллиондай жеке үй салынып берілді. Совет Үкметі тұрғын үй құрылысына бөлінетін қаражатты үздіксіз арттырып келеді. Өткен жылы қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы 28 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй, ал колхозшылар мен селолық интеллигенция 400 мыңнан астам жаңа жеке үй алды. Сөйтіп, істелген жұмыс көп. Бірақ бұл қол жеткен табысқа қанағат етуге болады деген сөз емес. 1954 жылы және онан кейінгі жылдары тұрғын үй құрылысы бұрынғыдан да төрі етек алуы тиіс. Коммунистік партия еңбекшілердің тұрғын үй жағдайларын онан сайын жақсартуға қажымастан және дәйектілікпен ұмтылып отырады.

Барлық жерде еліміздің қалалары мен селоларында мектептер, ауруханалар, балалар үйлері мен мәдениет мекемелері салынуда. 1953 жылы мәдени-тұрмыс құрылысына жұмсалған күрделі қаражат көлемі бұдан бұрынғы жылмен салыстырғанда 22 процент артты. Денсаулық сақтау ісіне қалалар мен жұмысшылар поселкелерін әсемдеп көркейтуге, ауруханаларды, әйелдер босанатын үйлерді, диспансерлерді, еңбекшілерге арналған санаторийлер мен демалыс үйлерін көбейтуге, халыққа дәрігерлік және тұрмыс жағынан қызмет көрсету ісін жақсартуға жұмсалатын мемлекеттік қаражат шырындары жылдан жылға артуда және бұдан былай да арта бермекші.

Коммунистік партия халықтың тұрмысын онан сайын жақсарту үшін бұдан былай да қажырлы күрес жүргізеді, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыру жөнінде өзі белгілеген программаны табандылықпен және дәйекті түрде жүзеге асырады. Мұның өзін партия қасиетті міндетім деп біледі.

Партия социалистік мәдениетті гүлдендіріп, көркейтуге, халқымыздың рухани байлықтарын ұлғайтуға, халық ағарту ісін, ғылымды, әдебиетті, искусствоны онан сайын өркендетуге үздіксіз қамқорлық істеуде. Барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларды мәдениетті және білімді адамдар ету—Коммунистік партияның алдына қойып отырған міндеті, міне осы.

Елімізде жаншай міндетті жетіжылдық білім алу ісі жүзеге асырылды. Бесінші бесжылдықтың аяғында жетіжылдық білім алудан одақтас республикалардың астаналарында, облыстық, өлкелік және өте ірі өнеркәсіп орталықтарында жаншай орта білім алуға көшу ісі аяқталады, сөйтіп, келесі бесжылдықта бүкіл елімізде жаншай орта білім алу ісі жүзеге асырылатын болады. Халық ағарту ісіне жұмсалатын шығындар жылдан жылға артуда. Біздің елімізде көзіргі уақытта 57 миллионнан астам адам оқудың барлық түрлерімен қамтылған. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда ғана 3 миллионнан астам адам оқыйды.

Партия өзінің аса маңызды міндеттерінің бірі советтік озат ғылымның көркеюін және бұдан былай да өркендей беруін қамтамасыз ету деп біледі. Жемісті творчестволық еңбек етуге барлық жағдай жасалған біздің ғылымдарымыз ғылымды білімнің барлық салаларында бірқатар ірі жаңалықтар ашумен байытты. Олар атом қуатын алудың әдісін менгерді, сөйтіп, бұл салада АҚШ-тың монополия болуын жойды. Отанымыздың аса зор табиғат байлықтарын халықтың мүдделері үшін пайдаланудың көптеген міндеттері ойдағыдай шешілуде. Мұның бәрі даусыз іс. Бірақ мұнымен бірге совет ғылымының алдында, бірінші кезекте ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді тездету саласында әлі де шешілмеген көптеген міндеттер тұр. Совет ғылымдарын осы міндеттерді шешуге шақыра отырып, партия ғылым пен практиканың творчестволық ынтымағын және тығыз байланысын барынша нығайтып, ұлғайта беруді, ғылымның барлық ең жаңа табыстарын өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, халқымыздың тұрмысын онан әрі үздіксіз жақсартуға қызмет етуін көздейді.

Советтік социалистік құрылыста еліміздің экономикасы мен мәдениетін бұрынғыдан да мықтап дамыту үшін халықтың әл-ауқат дәрежесін үздіксіз арттыра беру үшін шын мәнінде сарқымас мол мүмкіншіліктердің зор негізі бар. Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің негізгі және басты міндеті советтік қоғамның бұдан былай да барлық жағынан алға басуын, еліміздің өндіргіш

лекетінің әлсіздік белгісі деп бағалауы мүмкін. Совет Одағы Еуропаның көптеген елдерін құлдыққа түсірген гитлерлік Германияны талқандап, өзін қорғай білетіндігін және агрессордың қандайына болса да күресте соққы бере алатындығын дәлелдеді.

Соғыстан кейінгі жылдарда біздің еліміз бұрынғыдан да күшті және қуатты болды. Біздің халқымыздың бейбіт еңбегін қорғау үшін және біздің бостандығымыз бен тәуелсіздігімізге қол сұғуға батылы баратындардың бәрін де ауыздықтау үшін елімізде не керектің бәрі бар. Біз қандай да болса агрессорлардың қоқан-лоққысынан қорықпаймыз, бірақ біз халқымыздың және бүкіл жер шары халықтарының мүдделері үшін бейбітшілікті берік, дәйектілікпен қорғаймыз. Көзіргі халықаралық жағдайдың бейбітшілік жолмен шешілетін талас мәселелері жоқ екендігіне біз сенеміз.

Совет Одағының бейбітшіл сыртқы саясаты оның барлық істерімен дәлелденіп отыр. Капиталистік елдерде қолдан жасалып отырған сенімсіздік және соғыс желді жағдайы мен социализм еліне тән сипат болып табылатын бейбіт, творчестволық жемісті еңбек жағдайы, тыныштық және сенімділік жағдайы арасындағы аса зор айырмашылықты көзір бүкіл дүние жүзі көріп отыр. Совет адамдарының ең басты қамқорлығы және ең жалынды тілегі—барлық халықтармен бейбіт достықта өмір сүру екенін бүкіл жұрт көріп отыр. Бұған әрбір объективті, шындыққа түсінігі белген адамның жөзі жете алады, мұның үшін оның біздің қалаларымыз бен селоларымызды, совет халқының қажырлы бейбіт еңбегін көрудің өзі-ақ жеткілікті. Барлық елдердегі миллиондаған адамдар біздің Отанымызды бейбітшіліктің жаршысы және ту көтеругісі деп атайды. Бейбітшілік пен халықтардың достығының туы біз үшін, совет адамдары үшін игілікті ту! Біз бұл ұлы, игілікті туды бұдан былай да жоғары көтеріп, алға алып бара береміз.

Бейбітшіл совет держабасымен туысқандық тығыз бірлікте Европа мен Азияның халықтық демократиялық мемлекеттері бейбітшілік үшін күресуде. Қытай Халық Республикасы бейбітшілік пен демократия лагерінің қуатты күшіне айналды. Совет Одағымен бірге бүкіл демократиялық, бейбітшілік сүйгіш лагерь өсіп, нығайып келеді, халықтардың бейбітшілікті қорғау жолындағы қозғалысы өсіп, ұлғайып келеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы бұдан былай да бейбітшілік үшін, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің қуатты лагерін бұдан былай да нығайта беру үшін, совет халқының ұлы Қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен достығын және ынтымақтастығын нығайта беру үшін, Совет Одағының жер шарындағы барлық елдермен экономикалық байланысты мейлінше дамытып, достық қатынастар орнату үшін күреске өзінің барлық күшін жұмсайтын болады.

Халық мүдделерінің, оның бейбіт еңбегінің қырағы күзетінде тұрып, Коммунистік партия шетелдерде империалистік реакцияшыл күш бар екендігін, олардың халықаралық қатынастарды шиеленістіріп күшейтетіндігін, жаңа соғысты өршілдікке тырысатындығын ескермей отыра алмайды. Сондықтан бейбітшілік саясатын берік және дәйекті түрде жүргізе отырып, барлық күшін салып барлық халықтар үшін ұлы және қасиетті іс болып табылатын бейбітшілік ісін жақтап, қорғай отырып, партия Отанымыздың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін совет мемлекетінің Қарулы Күштерін талмастан жетілдіре беру және нығайта беру қажет деп есептейді.

Социалистік құрылыс адамды адам қанаушылығын біржолата жойып, жұмысшы табынан, колхозшы шаруалардан және еңбекші интеллигенциясынан шыққан ең таңдаулы адамдарды үкмет басына қойды, бүкіл советтік қоғамның мығымас моральдік-саяси бірлігін жасады. Бұл құрылыс дүние жүзіндегі ең демократияшыл қоғамдық және мемлекеттік құрылыс болып табылады. Совет мемлекетін басқаруға халықтық бұқара кеңінен қатысуда. Біздің халқымыз ең жақсы ұлы мен қыздарын мемлекет билігінің жоғарғы органына—ССРО Жоғарғы Советіне сайлайды.

Коммунистік партия советтік социалистік демократияны үздіксіз өркендету беруді, мемлекетті басқару ісіне миллиондаған еңбекшілерді кеңінен және белсене қатыстыруды қамтамасыз етуді өзінің алдына міндет етіп қойды. Партия бюрократизмнің және советтік аппараттың жеке буындарындағы қағаз бастылықтың барлық көріністеріне қарсы, еңбекшілердің тілектері мен ұсыныстарына жеңіл-желпі, немқұрайлы қараушылық фактілеріне қарсы бітіспес күрес жүргізіп келді және бұдан былай да жүргізеді. Отанымыздың азаматтарының ССРО Конституциясында жазылған ардақты және табылмас праволарын қорғаушы социалистік заңдылықты талмастан нығайта береді.

Сайлаушы жолдастар!

Совет мемлекетінің 36 жыл өмір сүруі социализмнің капитализмнен даусыз, бүкіл дүниежүзілік-тарихи артықшылығын ешбір күмән қалдырмастан жарқын күшпен көрсетті. Социализм—өндіргіш күштерінің өркендеуі, бұл өркімнің өзі үшін, бүкіл қоғам үшін еркіндік және бейбіт еңбек, бұл халықтардың әл-ауқат дәрежесінің үздіксіз жақсара беруі, бұл халықтардың тепе-теңдігі және достығы, бұл байлық және ұзаққа созылған бейбітшілік үшін дәйекті күрес жүргізуі. Капитализм—бұл экономикалық кризис, еңбекшілерді аяусыз, айуандықпен қанау, жұмыссыздық азаптары, қоғамның бір бөлегінде аштық пен қайыршылық, екінші бөлегінде сән-салтанат және орасан көп дайда табушылық; капитализм—ұлттық өз-өзі саясаты, халықтар арасында дұшпандық пен соғысты өршіту саясаты.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің

Барлық сайлаушыларға, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, шаруалар мен шаруа әйелдерге, совет интеллигенциясына, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз флотының жауынгерлеріне

Ү Н Д Е У І

(Соңы. Басы 1-бетте).

Біздің еліміздің өмір орнықтырушы күші жаңадан, кемеліне келіп, өркендеп келе жатқандығын, соғыс салған аса ауыр қиыншылықтарды оның жеңіп, алға өрлегендігін, халқымыздың тұрмысының қалай жақсарып келе жатқандығын, гүлдену жолымен біздің сеніммен алға басып келе жатқандығымызды жұрттың бәрі көріп отыр. Ал, капиталистік дүние бұған қарама-қарсы не қоя алады? Ол халықтарға экономикалық құлдыраудың ауыр перспективасын және мұқтаждық пен қайыршылықтың бұдан былай да шиеленісуін әкеледі. Соғыс өнеркәсіпін жасанды түрде жаңталаса өршіту капитализм елдерінде төніп келе жатқан сөзсіз экономикалық кризистің жолын бөгей алмайды, бұл кризистің белгілері барған сайын айқын және қаһарлы болып отыр. Жұмыссыздық көбеюде, өнеркәсіптің бейбіт салалары қысқартылууда. Ең қажетті товарлардың бағасы үздіксіз қымбаттауда, салықтар көбеюде, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі барған сайын нашарлауда. Инжі реакция күшеюде, капиталистік монополияларға орасан зор пайда келтіретін соғыс желісі мейлінше өршітілуде.

Советтік социалистік құрылыстың аса зор артықшылықтарына сүйене отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы еліміздің толық жеңуіне қарай берік және зор сеніммен бастап келеді.

Өзінің барлық жұмысында партия Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің ұлы ілімін басшылыққа алады. Коммунистік партияның орнатушысы және совет мемлекетінің негізін салушы мәңгі өшпес Владимир Ильич Лениннің данышпандық өсиеттерін басшылыққа алады.

Ленин нұсқаған жолмен жүре отырып, партия И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен Отанымыздың халықтарын социализмнің жеңісіне бастап әкеледі. Ленин өсиеттерін жүзеге асыра отырып, партия, совет мемлекетін, жұмысшылар мен шаруалардың мызғамас берік одағын, СССР халықтарының ұлы достығын талмастан нығайтуда, еліміздің экономикасы оған сайын өркендетуге, совет адамдарының материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыруға үздіксіз қамқорлық істеуде.

Біздің елімізде толық коммунистік қоғам орнату үшін қажетті нәрсенің бәрі жеткілікті. Алайда, бізде әлі де шешілмеген шаруашылық міндеттер бар, белгілі дәрежеде өсу қиыншылықтары да бар. Бұл шұғыл міндеттерімізді ойдағыдай шешу үшін кемшіліктер мен қиыншылықтарды жеңу үшін өзара сынды, әресе, төменнен көтерілген сынды бұрығыдан да көрі күшейте түсу керек. Коммунистік партия барлық совет адамдарының жұмыстағы кемшіліктерді қорықпастан батыл айқындауына, ол кемшіліктерді тезірек жою жөнінде партияға неғұрлым белсене көмектесуіне ұмтылуға.

Партия біздің елімізді бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерге жеткізді, өйткені, ол еңбекшілердің алдыңғы қатарлы отряды болғандықтан әрқашанда халықтың сеніміне, миллиондардың творчестволық белсенділігіне сүйеніп келді және оған сүйеніп отыр. Партия халықтың күшіне, оның революциялық ынта-жігеріне берік сенеді. Партия халықпен тығыз және үздіксіз байланысты. Партияның үкметтің және халықтың ұлы бірлігі—біздің барлық жеңістеріміздің нәр беретін қайнар бұлағы, коммунизмге жету жолында сеніммен алға басуымыздың негізі болып табылады.

Бұл бірліктің айқын бір белгісі—Коммунистер мен пар-

САЙЛАУҒА ТЕГІС ҚАТЫСАЙЫҚ!

Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс берейік!

тияда жоқтардың сайлау блогі болып табылады. Еліміздің мемлекеттік үкметінің ең жоғарғы органы—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауында Коммунистік партия жасіпшілік одақтарымен, комсомолмен, еңбекшілердің басқа да ұйымдары және қоғамдарымен қоян-қолтық бірге шығады. Депутаттыққа ұсынылған кандидаттар коммунистер үшін де, партияда жоқтар үшін де ортақ кандидат болып ұсынылады.

Бұдан бұрынғы сайлаулардың бәрінде коммунистер мен партияда жоқтар блогі әрдайым жеңіске жетіп келді. Бұл блог ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс беріп, біздің халқымыз Коммунистік партияға өзінің толық сенімділігін, оның саясатын мақұлдап қолдайтындығын білдіріп отырды.

Алдымыздағы сайлауда да барлық сайлаушылар коммунистердің партияда жоқ жұмысшылармен, шаруалармен, интеллигенциямен бірлесіп ұсынған кандидаттарды жақтап, бірауыздан дауыс береді, партияға тағы да сенім білдіреді және халықтың түбірлі мүдделерін көздейтін оның саясатын мақұлдайды, деп Коммунистік партия үміт білдіреді.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттардың СССР Жоғарғы Советіне бірауыздан сайланатындығына, партия жүргізіп отырған саясаты сайлаушылардың түсінетіндігіне және бұған ықпал қоятындығына толық есеп ете отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті барлық сайлаушыларды—жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді, шаруалар мен шаруа әйелдерді, совет интеллигенциясын, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жауынгерлерін коммунизм орнатудың аса зор міндеттерін жүзеге асыру жолындағы күресте Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрығыдан да берік топтасуға шақырады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті СССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылған коммунист-кандидаттарды жақтап қандай бірауыздылықпен дауыс берсе, партияда жоқ кандидаттарды жақтап сондай бірауыздылықпен дауыс беруге барлық коммунистерді шақырады. Партияда жоқ сайлаушылар партияда жоқ кандидаттарды жақтап қандай дауыс берсе, депутаттыққа ұсынылған коммунист-кандидаттарды жақтап сондай дауыс береді деп есептейді.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарды жақтап дауыс бере отырып, сайлаушылар Коммунистік партияның саясатын жақтап дауыс береді, оның алға қойған міндеттерін жүзеге асыруды жақтап—социалистік өнеркәсібімізді оған сайын өркендетуді және ауыл шаруашылығын мықтап дамытуды, халықтың материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыруды жақтап, социалистік мемлекетіміздің қуаты мен күшін барынша арттыра беру және бейбітшілікті сақтау, нығайту жолындағы күресте, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте жаңа табыстарға жетуін жақтап дауыс береді.

Сайлаушы жолдастар!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Сіздерді 1954 жылы 14 мартта сайлау урналарына тегіс келуге шақырады. СССР Жоғарғы Советінің депутаттары сайлау жөніндегі өзінің құрметті правосын пайдаланбайтын бірде-бір сайлаушы болмауға тиіс. 1954 жылдың 14 март күні Совет Одағы еңбекшілерінің бүкілхалықтық мейрамына айналатын болсын, партияның, үкметтің және халықтың тығыз бірігуінің жаңа бір қуатты демонстрациясы болсын.

А. С. Грибоедов

(Қаза табуының 125 жылдығына)

Орыстың ұлы жазушы-драматургі Александр Сергеевич Грибоедов Россияда ұлттық және қоғамдық сананың кең және тез дамуы жағдайында өмір сүріп, қызмет істеді.

1812 жылғы Отан соғысы орыс шындығының әлеуметтік қайшылықтарын шиеленістіре түсіп, бұрын-соңды болып көрмеген патриоттық өрлеу туғызды, қоғамдық ойды жандандырып, мүлгіген прогрессивтік күштерді оятты. Елде астыртын революциялық ұйымдар құрылып, өсе бастады. Дворяндар арасынан шыққан таңдаулы адамдар-дворяндық революционерлер самодержавие мен крепостнойлыққа қарсы батыл күреске шықты.

Реакцияшыл және революцияшыл күштердің арасындағы күресте Грибоедов дворян революционерлерінің жағында болды. Самодержавие мен крепостнойлық үстемдікке қарсы батыл күрес отырып, декабристер идеологиясының негізгі қағдаларын қолдаған Грибоедов декабристермен олардың идеясын жүзеге асыру жолдары туралы келіспеді.

Грибоедов өте ерте жазға бастады. Ол өзінің тұңғыш шығармаларында ақ сатираға бейім екендігін байқатты. Бірақ, оның асқан дарындылық күші «Ақылдан қайғы» комедиясында ерекше көрінді.

«Ақылдан қайғы» комедиясы—саяси әлеуметтік және сатиралық комедия. Онда декабристер көтерілісінің қарсаңындағы екі лагерь—орыс қоғамындағы консервативтік жергілікті ақсүйектік пен алдыңғы қатарлы революцияшыл дворяндар арасындағы күрес шиеленіскен соқтығысулар көрсетілген.

Бұған дейінгі орыстың сатиралық драматургиясындағы сатиралық шығалдар өте күшті болды (Фонвизин, Крылов, Капнист). Бірақ, «Ақылдан қайғы» сыяқты бүкіл самодержавиялық-крепостнойлық қоғамның әлеуметтік-саяси системасын асқан өткір реалистік сатирамен ақырына дейін сықақтап, әшкерелеген бірде-бір сатира болып көрген емес.

Өткір сатиралық образдармен ақсүйектік жергілікті чиновниктік төрешілікті масқаралай отырып, Грибоедов өз заманының қоғамдық күштерінің және жаңа прогрессивтік бостандық сүйгіш ой мен идеяның туып және өсіп келе жатқандығын көре білді. Осындай күштердің өкілі дворян революционер декабрист Чацкий болды. «Ескі ғасырды» айыптап, әшкерелей білген ержүрек жауынгер, күрескер Чацкий әділеттілік ақылдылықты ерлікпен қорғаушы тәуелсіз пікірдің және оларды қандай жағдай да болса да қорғауға бел байлаған адам болған. Ол қанаушылық биліктің қас жауы, крепостнойлықты қабылдамай оған қарсы ашық күрес-жариялайды. Ол—өз елінің жалынды патриоты, оның даңғы мен намысын батыл қорғаушы. Ол өз елінің мүдделеріне қызмет етеді. Чацкий өзінің ісінде Отан және халық алдындағы қоғамдық борышын анық түсінеді.

мен молчаниндер өздері түйрейтін комедияның жарыққа шығуына бөгет жасауға тырысып-ақ бақты. Грибоедовтың цензураның барлық бөгеттерінен өзінің өлмес шығармасын өткізіп, жарыққа шығару жөніндегі табанды әрекеттерінің барлығы да сәтсіздікке ұшырады. Пьесаны не жариялауға, не қоюға рұқсат берілмеді. 1825 жылы альманахтардың біреуінде пьесадан тек қана үзінді жарияланды. Пьеса бірінші рет бірнеше үзінді ретінде 1833 жылы жарыққа шықты.

Пьесаны жариялаудағы сәтсіздіктерге қарамастан Грибоедов 1825 жылы «менің ойларым шексіз» деп жазды. Грибоедовтың ойы жазу еді, оны жазушылық қызмет тартатын, бірақ, оған басқа қызмет атқаруға тура келді. 1826, 1827 және 1828 жылдың басында ол Грузияда, Кавказда әуелі А. П. Ермоловтың, онан кейін И. Ф. Паскевичтің қарауында қызмет істейді. Қызмет бабы оның творчествосына бөгет жасамай қойған жоқ. Бұған қарамастан Грибоедов жазумен айналысып, жаңа шығармаларының жоспарлары мен жеке көріністерін жазатын.

Осы қолжазбаларында ол құлдыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы шығып, бостандықты қорғады. Декабристер көтерілісі басылғаннан кейін де Грибоедов декабризмнің негізгі идеяларын жақтап қалды.

Персиямен соғыстың және бейбітшілік келіссөздерінің табысты аяқталуымен байланысты және осы келіссөздерді жүргізудегі Грибоедовтың еңбегі бағаланып, ол жаңа чинмен, орденмен наградалды. Грибоедов енді Петербургте қалып, әдебиетпен айналасып өй деп үміттенді. Бірақ ол үміт іске аспады. Оның әлі де болса декабристермен байланыс жасауы, оларды ақтау жөніндегі ашық, астыртын жүргізген істері жазушының ісін ала бастырмады.

Грибоедов өз елінің әдеби-қоғамдық өміріне араласу мүмкіншілігінен айырылғандығына аса налып Иранға кетеді. Бірақ, ол тек қана жазушы емес еді, сонымен бірге Отаны мен халқы алдында өзінің азаматтық борышын адал түсінген жалынды патриот еді. Ол барлық күшін Отанның мүдделерін қорғауға жұмсады.

Грибоедовтың аса қайраттылығы мен дипломаттық асқан дарындылығынан Персиядағы ағылшын ықпалы хауіптен бастады. Ақыры ол ағылшындардың арандатушылығының құрбаны болды. 1829 жылғы 11 февральда жазушы қаза тапты.

А. С. Грибоедовтың орыс драматургиясына дамытудағы қызметінің маңызын бағалау қиын. «Ақылдан қайғы» өзіне бұрынғы драматургияның ең жақсы табыстарын біріктірді және сонымен қатар орыс және дүниежүзілік драматургияның—сын реализмі драматургиясының жаңа кезеңін ашты. «Ақылдан қайғы» комедиясы сахна шеберлігінің орыс мектебін құруда және дамытуда зор роль атқарды.

АМЕРИКАН-ЕГИПЕТ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

КАИР, 9 февраль. (СОТА). «Иджипши газет» газетінің хабар етуіне қарағанда, 8 февральда Иордан өзені суларын пайдалану жөніндегі «Джонстон жобасы» дейтінді іске асыруға Египеттің қатысудан бастартуы «себептерін білу» мақсатымен Американың екі экономикалық эксперті Каирға келген.

Бұрын белгілі болғандай, арап елдері өткен жылы «Джонстон жобасын» бұл елдерді Орта Шығыстағы американдық соғыс жоспарына тартуға тырысқан кезекті шара деп бағалап, оған қатысудан бірауыздан бастартқан болатын.

8 февральда американдық эксперттері мен Египеттің ұлттық өндіріс жоғарғы Советі мүшелерінің кездесуі болды. Американдық өкілдерге Египет «Джонстон жобасын» қабылдамайтындығы және араптардың өздерінің мамандары Иордан өзені аймақтарының экономикалық дамуының, газеттердің сөздеріне қарағанда, «таза араптық сыйпағы бар» басқа жоба жасалғандығы тағы да мәлім етілді.

ЖАПОНИЯ СОҒЫС ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚАЙТА ТУУЫ

ЛОНДОН, 9 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Токиодан былай деп хабарлайды:

Киодо Цусин агенттігінің хабар екеніндей, қалпына келтірілген Дзайбацуду концерніне кіретін ірі соғыс кәсіпорындарының иелері (яғни монополиялар мен ірі концерндер) Американың қару-жарақ шығаруға беретін ірі заказдарын күтіп, өздерінің кәсіпорындарының өндірістік қуатын кеңейтуге дайындалуда. Көзгі уақытта ірі металлургиялық және металл өңдейтін компаниялар жапон үкметі арқылы ірі заказдар алуға сенуде.

ЕГИПЕТ ЖУРНАЛЫНЫҢ ИЗРАИЛЬ ЖЕРІНДЕ АМЕРИКАН СОҒЫС БАЗАЛАРЫ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

КАИР, 9 февраль. (СОТА). Роза-эль-Юсеф журналының хабарына қарағанда, американың әскери өкмет орындары Израиль жеріндегі Негев құмында үлкен әскери лагерь орнатып, оған өздерінің әскерлерін әкелуге, ал, Эйлат портын (Акаб шығанағы жағасында) ірі соғыс-теңіз базасына айналдыруды ниеттенуде.

ТУНИС ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 9 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін түн ортасында Тунис теміржолшылары 24 сағаттық ереуіл жариялаған, ереуіл бүкіл теміржол жүйесін қамтуда. Алжирмен теміржол қатынасы тоқтатылған. Жолаушылар мен жүктер тек автомашиналармен тасылуда.

Осыдан ұлы Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!
Коммунизм құрылысшысы — ұлы совет халқы жасасын!
Коммунистік партияның, Совет Үкіметінің және бүкіл совет халқының мызғымас бірлігі жасасын!
Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің толық жеңуіне қарай алға баса берейік!

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

Сайлау алдындағы саяси үгіттің өрісі кең, дәрежесі жоғары болсын

Педагогикалық училищеде

Петропавл педагогикалық училищесі үйіне орналасқан № 5 сайлау участогінің үгіт пункті жақсы жабдықталған. Бөлменің дәл төріне И. В. Сталиннің үлкен портреті ілінген. Қабырғаларда ұрандар мен плакаттар, ортадағы стол алқызды матамен жабылған, оның үстінде газет, журналдар, сайлауға арналған әдебиеттер жатыр. Кіре берістен оң жақтағы қабырғада сайлаушылар тізімі, сол жақта тумбочканың үстінде радиокабылдағыш тұр. Бөлменің іші жарық, жылы, келгендердің отырып, газет, журналдардың соңғы номерлерін оқуына қолайлы.

Мұнда үгітшілерден кезекші болу ұйымдастырылған. Кезекші-үгітші пунктке келген сайлаушылар үшін саяси тақырыптарда әңгімелер өткізеді, дауыстан газет оқыйды.

60-тан астам үгітшілер кубиктерде болып, сайлаушылардың арасында «ССР Одағы Жоғарғы Советі сайлауының Дәрежесі» туралы, халықтар достығы туралы әңгіме өткізді. Әресе, педагогикалық училищенің үгітшілері Ситникова, Матюшко, Пусторжевцова жолдастарды сайлаушылар зор құрметпен қарсы алады. Олар үгіт-бұқаралық жұмысты өткен сайлаудан бері үзбей жүргізіп келеді. Сайлаушылардың күнбе-күнгі тілегіне үнемі құлақ асып отырады.

Үгітші Анна Александровна Матюшко советтік сайлау системасы жөнінде өткізген соңғы әңгімесінде еліміздің еңбекшілерінің сайлау праволары мен міндеттері туралы айтты.

Әңгімеге сайлаушылар белсене қатысты. Екі өмірдің куәсі — қарт сайлаушылар Евдокия Тимофеевна Иванова, Любовь Августовна Циммерман, Ульяна Дмитриевна Андросова ұлы Октябрь революциясына дейінгі дауыс беру тәртібі және көп сатылы сайлау системасы туралы, ол кездегі әйелдердің правосыздығы мен ауыр тұрмысы туралы айта келіп, Совет Өкіметі орнағалы әйелдердің ерлермен бірдей құрмет пен қамқорлыққа бөлегені үшін туысқан Коммунистік партияға алғыс айтты.

Әңгіменің соңында жыйналғандар үгітшіден келесі жолы төрт мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің Берлиндегі кеңесі туралы айтуды өтінді.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Үгітшінің әңгімесі

Колхоз партия ұйымы сайлауға әзірліктің алғашқы күндерінен үгіт пунктін жабдықтап, оны сайлаушылардың арасындағы саяси-мәдени жұмыстың орталығына айналдырды. Колхозда 30-дан астам үгітшілер, республикада атағы шыққан көркемөнерпаздар коллективі, селолық лекторий жұмыс істейді.

Осының нәтижесінде үгіт пунктінде үгітшілердің әңгіме өткізуі, сайлаушылар үшін лекциялар оқылып, концерттер қою әдетке айналды. Соңғы бірайдың ішінде пунктте ССРО Конституциясы, советтік сайлау системасы, Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің халық игілігі жөніндегі қамқорлығы туралы 25 рет әңгіме өтті, төрт рет лекция оқылды. Колхозда сайлау алдындағы саяси үгіт колхоз өмірімен байланыстырыла жүргізіледі. Бұл жөнінде үгіт пунктінде өткізілген бір әңгімені мысалға алуға болады.

Кешкі сағат 9. Сергиенко жолдас үгіт пунктіне келгенде, оны бір топ егіншілер мен мал өсірушілер құрметпен қарсы алды.

Үгітші әңгімесін бастады. Ол ең алдымен сайлаушыларға Одақ Советінің сайлауының өткізетін № 618 Петропавл округі бойынша В. В. Губин жолдасын, Ұлттар Советінің сайлауы өткізетін № 120 Петропавл селолық сайлау округі бойынша Н. Д. Ондасынов жолдасын депутаттыққа кандидат болып тіркелгенін хабарлады.

—Бұл хабарды, — деді үгітші, — «Советтік сайлау системасы» деген тақырыптағы бүгінгі әңгімеден бөліп алуға болмайды. Өйткені, совет адамдары коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беріп, Отанымыздың онан әрі гүлдене беруіне жетісетінін жақсы біледі. Коммунистік партия мен совет халқының мызғымас бірлігі коммунистік құрылыста табыстан-табысқа жетудің қайнар бұлағы екені мәлім. Мұның өзін біздің колхоздың өмірінен айқын көруге болады.

Жуырда ҚКП Октябрь аудандық комитеті Ленин атындағы колхозда үгітшілердің кусталық семинарын өткізді. Оған 4 колхоздың үгітшілерінен 50 адам қатысты.

Семинарға қатысушылар сайлау алдындағы саяси үгіттің түрлері мен әдістері,

ССРО Жоғарғы Советінің соңғы сайлауынан бергі уақыттың ішінде колхоздың экономикасы мен мәдениеті еселеп өсті. Колхоздың табысы 1950 жылы 420 мың сом болса, ол өткен жылы бір миллион 40 мың сомға жетті. Осы уақыттың ішінде колхоздың егіс көлемі бір мың гектар артты. Колхоз 4 жүк машинасын сатып алды. Селода клуб үйі салынды.

Колхоздың экономикасының күшеюіне байланысты колхозшылардың әл-ауқат дәрежесі де жақсарды. Мәселен, колхозшы Әбілмәжін Сауытбаевтың семьясы еңбеккүніне 720 пұт астық және 6 мың сомдай ақша алды.

Үгітші Сергиенко жолдас колхоздың үгітшідегі жылғы перспективтік жоспарына тоқталды. 1954 жылы колхоз 2500 гектар, оның ішінде көктемде мың гектар тың жер жыртты, оған жаздық дақылдарды егу арқылы қосымша мыңдаған пұт астық алуға тиіс. Быйыл колхозда кинотеатр үйі, автогараж, аурухана үйі, колхозшылар үшін 20-дан астам жаңа үйлер салынақ.

Үгітші әңгімесінің соңында сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары — В. В. Губин және Н. Д. Ондасынов жолдастар үшін дауыс беруге, сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға шақырды. Мұнан кейін сайлаушылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп советтік Отанын, колхозды деревняны мақтан етіп, Коммунистік партия мен Совет Үкіметіне деген шексіз сүйіспеншілігін білдірді.

Сайлау алдындағы үгіт егіс бригадалары мен мал фермаларында және оңуліктерде де кеңінен өрістеген. Көзір колхоз үгітшілер кандидаттарды жақтаған үгітке баса назар аударуда.

В. СКИБСКИЙ,

Преснов ауданы, Молотов атындағы колхоз.

Семинар кеңесі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын насихаттау жөнінде методикалық баяндамалар тыңдады. Мұнан кейін семинарда 15 үгітші сөз сөйлеп, еңбекшілер арасындағы саяси үгіттің тәжірибелерін ортаға салды.

А. ТӨКЕНОВ.

«Ақылдан қайғы» — феодадық-крепостнойлық Россияның әлеуметтік қайшылықтарын, әліп бара жатқан ескі мен туып келе жатқан жаңаның жеңуге тиісті күресінің айнасы. Грибоедовтың бұл комедиясы декабризм идеяларының толық көрінісі болды.

«Ақылдан қайғы» пьесасының жанашылдығы ерекше күшпен оның тілінде де айқын көрінді. Орыс драматургиясының тарихында тұңғыш рет орыс тілінің байлығы, оның әсерлігі мен икемділігі, үндестігі мен өткірлігі мейлінше толық көрінді. Осы данышпаңдық комедиядағы көрсетілген әрбір кейіпкердің оның әлеуметтік, идеялық және моральдық бейнесін байқататын лайықты сөзі бар. Орыс тілінің көркем мағыналылығы Чацкийдің сөздері арқылы шебер берілген.

«Ақылдан қайғы» — орыс драматургиясының жарқыраған гауһар тасы болып табылады. Өзінің тарихи көлемі жағынан, реалистік типтілігі және идеясының тереңдігі мен әлеуметтік саяси проблематикаларының өткірлігі, сатираның ерекше күштілігі жағынан бұл комедияда ел уақытқа дейінгі орыс және дүние жүзіндегі әдебиетте бұрын болған комедиялық шығармалардың бәрінен жоғары болып саналады. Орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский «Ақылдан қайғы» комедиясын мәңгі өлмес деп әділетті атады.

Цензура комитетіндегі фамусовтар

ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

Мемлекеттік заемдар бойынша еңбекшілерге ұтыстар төлеудің сомасы барған сайын көбеюде. Мәселен, өткен жылдың декабрь айында өткізілген Мемлекеттік 2 проценттік заемның ұтыс таблицасы бойынша Петропавл қаласының сақтық кассалары 689 мың сом ұтыс төледі, ал, тек январь айының өзінде ғана облыс жыйнақ кассаларының төлеген ұтыс сомасы 1.249 мың сомға жетті.

Облыстың жыйнақ кассалары жуырда

Наградтар тапсырылды

Жуырда Петропавл станциясындағы № 46 темір жол мектебінде ұзақ уақыт мінсіз жұмыс істегені үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша наградталған оқытушыларға ССР Одағының ордендері мен медальдарын салтанатты түрде тапсыру болып өтті.

Салтанатты жыйналысты еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқамінінің секретары Заитов жолдас ашып, наградталғандарды ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан құттықтады.

Наградталғандардың атынан Ленин орденді қарт оқытушы Тарасова жолдас сөз сөйлеп, партия мен үкіметтің халық ағарту мәселесіне жасап отырған зор қамқорлығына алғыс айтты.

М. ШАҒМАНОВ.

«Ақылдан қайғы» комедиясы орыс азаттық қозғалысының бүкіл барысында революция ісіне ықпалды қызмет етті. Оның идеялары Герценді, Добролюбовты, Чернышевскийді және халық мүдделері үшін күрескен басқа да күрескерлерді рухтандырды. Ұлы Ленин халық жауларына қарсы күресте грибоедовтік мәңгі өлмес образдардың әлеуметтік типтілігін және сатиралық күшін ерекше кеңінен пайдаланды.

Грибоедовтың комедиясы өзінің күшін бұл күндерде де жойған жоқ. Ол адам санасындағы капитализм қалдықтарына, бюрократтарға, жәдігөйлерге, шенқумарларға, бейпілауыздарға қарсы күресуге көмектеседі.

Самодержавие революцияшыл жазушының творчестволық мүмкіншіліктерін тұншықтыру, оның үнін шығармау, ақырында өлтіру үшін қажеттің бәрін істеп бақты. Бірақ, орыс халқы өзінің ардақты ұлын, жауынгер патриотты, бостандықты қажырлылықпен насихаттаушыны және драматургияның данышпаң жаңашылы арқанын есте сақтап келді және есте сақтайды.

«Ақылдан қайғы» жасаушы Грибоедовтың есімі барлық совет адамдарының өсінде мәңгі сақталады.

Профессор А. РЕВЯКИН.

ШАНХАЙ, 9 февраль. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Жапонияның 15 ірі көмір компанияларының шахталарында жұмысшы-откачиктердің ереуілі басталған. Ереуішкілер жалақының арттырылуын талап етуде.

ФРАНЦИЯДА АУА РАЙЫНЫҢ СУЫНУЫ

ПАРИЖ, 9 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Европада, әресе, Францияда 17 күн бойы болған суық көптеген адамдардың өліміне және зор материалдық шығындарға ұшыратқан. Шамамен айтқанда, 250 адам өлген.

ХРОНИКА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Анатолий Николаевич Кузьмин жолдасы ССРО Қара металлургия министрі етіп тағайындады.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Петр Фадеевич Ломако жолдасы ССРО Түсті металлургия министрі етіп тағайындады.

РЕДАКЦИЯДАН

Газетіміздің келесі саны 13 февральда, сенбі күні шығады.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ
ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да басталады.

Петропавл қаласы, Челюскин көшесі, 29-үйде тұратын Анна Яковлевна Ведерникова Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 227-үйде тұратын Львов Михайлович Ведерниковтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.